

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 123 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 13 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4736 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 212 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 212 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидалары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Лицензиялау басқармасы (Ә.Ж. Нәжімеденова):

1) Заң департаментімен (М.Б.Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

5. Агенттіктің халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н. Өзбековке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2007 жылғы 30 сәуірдегі
N 123 қаулысына
1-қосымша

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі - Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы (бұдан әрі - Лицензиялау туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау (бұдан әрі – лицензия) талаптары мен тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-тарау.

Ескерту. 1-тарау алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорын лицензиялаудың жалпы талаптары

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі - уәкілетті орган) жинақтаушы зейнетақы қорына осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорына осы Қағидалардың 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия береді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Уәкілетті орган лицензия беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде қарайды.

15-1. Жаңадан құрылған жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүргізу құқығына лицензияны берудің талабы болып жинақтаушы зейнетақы қорының органдары арасынан сайланған басшы қызметкерлерді келісу табылады

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқарамасының 2008.11.28 N 182 Қаулысымен.

16. Уәкілетті орган лицензияны беруден бас тартуды Лицензиялау туралы Заңның 45-бабымен көзделген негіздемелер бойынша жүргізеді. Жинақтаушы зейнетақы қорына лицензияны беруден бас тартқанда, жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

17. Лицензияны қайта ресімдеу Лицензиялау туралы Заңда көзделген негіздемелер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

18. Лицензия жинақтаушы зейнетақы қорының басқармасының бірінші басшысына не сенімхат негізінде оның өкіліне беріледі.

3. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін жүзеге асыруға лицензия беру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға Лицензиялау туралы заңның 42-бабы 2-тармағының 2), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ мынадай құжаттарды:

1) Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша лицензия беру туралы өтінішті;

2) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 47-бабының 2-тармағында белгіленген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін төлегенін растайтын төлем құжаттарының (төлем тапсырмасы, кассалық кіріс ордері) көшірмесін;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі туралы ережені;

4) штат кестесін (жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің тегін, атын, бар болса - әкесінің атын, атқаратын лауазымдарын көрсете отырып);

5) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 40-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес жаңадан құрылған жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінің лауазыма ұсынылатын тұлғалардың құжаттарын;

6) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 29-бабына сәйкес 2 (екі) данада ұсынылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының есеп саясатын;

8) жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдық құрылымын;

9) үй-жайдың, ұйымдастыру техникасының, телекоммуникациялық жабдықтың бар екендігін растайтын құжаттарды;

10) Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесін құруға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың орындалуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Қағидалардың 19-тармағында атап көрсетілген, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленген, тігілген және соңғы парақтың артқы жағында өтініш берушінің мөрімен куәландырылған түрде, ішінара жапсырма қағаздың үстінде тігіс түйінінде желімделіп, тігілген парақтар санын көрсете отырып беріледі. Құжаттардың берілген көшірмелерінің дәйектілігі осындай құжаттарға қол қою құқығы бар өтініш иесі лауазымды тұлғаның қойылған қолымен және өтініш иесі мөрінің бедерімен расталады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруге негіз болған Қағидалардың 19-тармағының 3), 4), 7), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуін растайтын құжаттардың көшірмесін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорына бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен талаптары

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Жинақтаушы зейнетақы қоры Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 51-бабында көзделген бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуға өтініш береді.

23. Жинақтаушы зейнетақы қоры үшін бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алудың талаптары мыналар болып табылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қоры үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерді бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан үш айдан кем емес кезеңде сақтауы;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан үш айдан кем емес кезеңде қолданылған санкцияларының болмауы.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жинақтаушы зейнетақы қоры үшін бағалы қағаздар нарығында қызметтің қосымша түрін жүзеге асыруға лицензияны алу талаптары мыналар болып табылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қоры үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерді бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан үш айдан кем емес кезеңде сақтауы;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерді лицензия беру туралы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан күнтізбелік үш айдан кем емес кезеңде сақтауы және бағалы қағаздар нарығында қосымша қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін өтініш берген күннің алдында қатарынан үш ай ішінде жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты санкциялардың болмауы.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

25. Жинақтаушы зейнетақы қоры бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің екі түрін жүзеге асыруға лицензиялар алған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры

сонымен қоса Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 55-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

26. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға Лицензиялау туралы заңның 42-бабы 2-тармағының б) тармақшасында көрсетілген құжатты, сондай-ақ мынадай құжаттарды:

1) Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;

2) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қатысатын филиалдардың (осындайлар болған жағдайда) тізімін және сондай филиалдар туралы ережелердің нотариат куәландырған көшірмелерін;

3) құжаттарды ұсынған күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 124 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7640 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 11 тамызда № 495-500 (27573) жарияланған) бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру қағидаларының 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары (акционерлері) туралы мәліметтерді;

4) қызметкерлердің тегі, аты және бар болса - әкесінің аты, олардың атқаратын лауазымы көрсетіле отырып, штат кестесінің көшірмесін;

5) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелетін құрылымдық бөлімшелер туралы ережені;

6) ішкі аудит қызметі туралы ережені;

7) құрамы туралы мәліметтерді (зейнетақы активтерін басқару қызметін жүзеге асыруға лицензия алуға үміттенетін жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін) қоса бере отырып, инвестициялық комитет туралы ережені;

8) жинақтаушы зейнетақы қорында Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 48-бабына сәйкес бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және өзге жабдықтардың бар екендігін растайтын мына құжаттардың:

жабдықтарды жеткізу шартының;

жабдықты қабылдау-өткізу актісінің;

лицензиялардың санын көрсетіп, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге және (немесе) жеткізуге арналған шарттың;

бағдарламалық қамтамасыз етуді қабылдау-өткізу актісінің;

қорғау мен қауіпсіздікті ұйымдастыру бойынша құжаттардың (ақпаратты резервтеу тәртібінің сипаттамасы, деректерге қол жеткізуді бөлу тетігінің

сипаттамасы, қайта қалпына келтіру жоспары, ішкі бақылау тетіктері) көшірмелерін ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры бағдарламалық өнімді дербес әзірлеген не өтініш берушіге бағдарламалық өнімді басқа тұлға өтеусіз берген жағдайда, осы тармақтың екінші-бесінші абзацтарында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Берілген құжаттарда мына ақпарат: қолданылып жүрген бағдарламалық қамтамасыз етудің (серверлік операциялық жүйелер, деректер базасын басқару жүйелері), нұсқаның атауы, лицензия бар екендігі туралы мәліметтер де көрсетіледі.

Құжаттардың көшірмелері жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысының қолымен және жинақтаушы зейнетақы қоры мөрінің бедерімен расталады;

9) жинақтаушы зейнетақы қорының бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу мақсатын, қызметтің негізгі бағыттарын және өтініш беруші бағдарға алған нарық сегментін, қызмет көрсету түрлерін, маркетинг жоспарын, жинақтаушы зейнетақы қорының кәсіби қызметімен байланысты тәуекелдер мен оларды азайту тәсілдерін, қаржылық перспективаларын (болжам балансы, алғашқы үш қаржы (операциялық) жылына кірістер мен шығыстардың есебі), еңбек ресурстарын тарту жоспарын ашатын бизнес-жоспарды ұсынады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

27. Жинақтаушы зейнетақы қоры Қағидалардың 23-26-тармақтарында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден бас тартады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

28. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар

рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

29. Уәкілетті орган лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру туралы шешімді орындау үшін жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

30. Лицензиясы тоқта тұрылған жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын әр айдың оныншы күнінен кешіктірмей (лицензияның қолданылуы жаңартылғанша не тоқтата тұру мерзімі аяқталғанша) уәкілетті органға анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры өткізген шаралар жөнінде хабардар етеді.

31. Жинақтаушы зейнетақы қорының өтініші негізіндегі зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және (немесе) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруға (оның ішінде лицензиядан операциялардың және (немесе) қызметтің жекелеген түрлерін алып тастауды) жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиясын ерікті түрде қайтаруы осы қызмет түрлері бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

Лицензияны ерікті қайтарғаны жөніндегі ақпаратты жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға қайтарған күнге дейінгі алпыс күнтізбелік күннен кешіктірмей республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға лицензияны ерікті қайтарғанда, ұсыныспен бірге осы тармақта көрсетілген шараларды орындағанын растайтын хатты береді.

6-тарау.

Ескерту. 6-тарау алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларын,
олардың
құрылтай құжаттарына өзгерістер мен
толықтыруларды әділет органдарында
мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру,
сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы
қорларының зейнетақы жарналарын
тарту және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру мен бағалы

Жинақтаушы зейнетақы қорын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру туралы өтініш

(өтініш берушінің фамилиясы, аты, бар болғанда - әкесінің аты және құрылтайшылар атынан осы өтінішті беруге өтініш берушінің өкілеттілігін растайтын нотариатта куәландырылған құжатқа сілтеме)

(өтініш берушінің жұмыс орны және оның лауазымы, тұрғылықты жері) жинақтаушы зейнетақы қорын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру туралы өтініш беруге құқығы бар уәкілетті тұлға құрылтай жиналысының _____ жылғы " __ " N _____ шешіміне (хаттамасына) сәйкес

(құрылатын жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы және орналасқан жері)
әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беруді сұрайды.
Құрылтайшылар өтінішке қоса берілген құжаттардың шынайылығына, сондай-ақ уәкілетті органмен осы өтініштің қаралуына байланысты сұратылған ақпаратты уақтылы ұсынуға толық жауап береді.
Қосымша (жіберілетін құжаттар атауының тізбесін, даналардың санын және әр қайсысының парақтар санын көрсету): _____

(құрылтайшылар атынан өтініш беруге уәкілеттігі бар тұлғаның қолы, күні)

Жинақтаушы зейнетақы қорларын,
олардың
құрылтай құжаттарына өзгерістер мен
толықтыруларды әділет органдарында
мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру,
сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы
қорларының зейнетақы жарналарын
тарту және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру мен бағалы қағаздар
рыногындағы қызметті жүзеге асыру

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқарамасының 2010.04.30 N 58
Қ а у л ы с ы м е н .

Фото (3x4 сантиметр)

Құрылтайшы (акционер) - жеке тұлға туралы мәліметтер

_____ 200__ жылғы " __ " _____
(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

1. Құрылтайшысы (акционері)

(фамилиясы, аты, (бар болса) әкесінің аты).

2. Туған күні

3. Туған жері

4. Азаматтығы

5. Жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың деректері

6. Тұрғылықты жері

7. Жұмыс орны, лауазымы

8. Телефон нөмірі (қаланың коды, жұмысы мен үйінің)

9. Білімі

(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы)

10. Еңбек қызметі туралы қысқаша резюме

(жұмыс орны, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі)

Қолы _____ күні _____

Жинақтаушы зейнетақы қорларын,
олардың
құрылтай құжаттарына өзгерістер мен
толықтыруларды әділет органдарында
мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру,
сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы
қорларының зейнетақы жарналарын
тарту және зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру мен бағалы қағаздар
рыногындағы қызметті жүзеге асыру
жөніндегі қызметін лицензиялау
ережесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқарамасының 2010.04.30 N 58 Қаулысымен.

Құрылтайшы (акционер) - заңды тұлға туралы мәліметтер

_____ 200__ жылғы " __ " _____

(қордың атауы)

1. Құрылтайшысы (акционері)

(заңды тұлғаның атауы)

2. Орналасқан жері _____

—

(почталық индексі, қаласы, көшесі, байланыс телефоны)

3. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі деректер _____

—

(құжаттың атауы, нөмірі, күні, кім берді)

4. Қызметінің түрі _____

—

(негізгі қызмет түрлері көрсетілсін)

5. Қазақстан Республикасының резиденті, Қазақстан Республикасының резиденті емес (керегінің асты сызылсын).

6. Құрылтайшы - заңды тұлғаның басшысы _____

—

(фамилиясы, аты, (бар болса) әкесінің аты, туған күні)

Білімі _____

—

(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы)

Еңбек қызметі туралы қысқаша резюме _____

—

—

—

(қызмет орны, лауазымы, кезеңі)

7. Соңғы үш күнтізбелік жылда заңды тұлғада - құрылтайшыда ірі қаржы проблемалар, оның ішінде банкротқа ұшырау, консервация, санация болды ма: _____

—

(олардың туындау себептері)

(бұл проблемаларды шешу қорытындылары)

8. Қордың құрылтайшысы (акционері) - заңды тұлға жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің он немесе одан да көп пайызына тура және (немесе) жанама иеленген немесе ірі акционері болып табылатын ұйымдарды көрсетіңіз:

1) ұйымның атауы және орналасқан жері:

2) ұйым қызметінің түрі

3) осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуы:

Ұйым

басшысының

қолы _____ күні _____

Мөр орны

Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың

құрылтай құжаттарына өзгерістер мен

толықтыруларды әділет органдарында

мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру,

сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы

қорларының зейнетақы жарналарын

тарту және зейнетақы төлемдерін

жүзеге асыру мен бағалы қағаздар

рыногындағы қызметті жүзеге асыру

жөніндегі қызметін лицензиялау

ережесіне 4-қосымша

Жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру туралы өтініш

(өтініш берушінің фамилиясы, аты, бар болғанда - әкесінің аты және құрылтайшылар атынан осы өтінішті беруге өтініш берушінің өкілеттілігін растайтын нотариатта куәландырылған құжатқа сілтеме)

(өтініш берушінің жұмыс орны және лауазымы, тұратын жері) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру туралы өтініш беруге құқығы бар уәкілетті тұлға құрылтай жиналысының _____ жылғы " __ " _____ N _____ шешіміне (хаттамасына) сәйкес

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы және орналасқан жері) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беруді сұрайды. Құрылтайшылар өтінішке қоса берілген құжаттардың шынайылығына, сондай-ақ уәкілетті органмен осы өтініштің қаралуына байланысты сұратылған ақпаратты уақтылы ұсынуға толық жауап береді. Қосымша (жіберілетін құжаттар атауының тізбесін, даналардың санын және әр қайсысының парақтар санын көрсету): _____

(құрылтайшылар атынан өтініш беруге уәкілеттігі бар тұлғаның қолы, күні) Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау

ережесіне 5-қосымша

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген уәкілетті органның бланкісінде басылады)

№ _____ рұқсат

Осы рұқсат _____

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы)

жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге берілді.

Жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге берілген рұқсат әділет органдарына құрылтай құжаттарымен бірге берілуі тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге рұқсаттың берілген күнінен бастап алты айдың ішінде заңды күші бар.

Уәкілетті органның басшысы (Басшының орынбасары)

_____ жылғы " __ " _____

Мөр орны

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Нысан

Қазақстан Республикасының

Елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға

Лицензия

Лицензияның нөмірі _____ Берілген күні _____ жылғы " __ " _____

жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы

Осы лицензия зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру құқығын береді
Төраға (Төрағаның орынбасары)
Алматы қаласы
Мөр орны

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Нысан

Қазақстан Республикасының

Елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға

Лицензия

Лицензияның нөмірі _____ Берілген күні _____ жылғы " ____ " _____

жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы

Осы лицензия:

1. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру
2. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру құқығын береді.

Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға _____

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке: _____

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Мөр орны Алматы қаласы

Жинақтаушы зейнетақы қорларының
зейнетақы жарналарын тарту және
зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру
мен бағалы қағаздар нарығындағы
қызметті жүзеге асыру жөніндегі
қызметін лицензиялау қағидаларына
8-қосымша

**Ескерту. 8-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен**

Нысан

(уәкілетті органның толық атауы)

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы)

Өтініш

1) зейнетақы жарналарын тарту бойынша қызметті жүзеге асыруға және
зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға

2) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға

(қызмет түрін көрсету қажет)

лицензия беруіңізді сұраймын

Жинақтаушы зейнетақы қоры туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйінің нөмірі)

(телефон, факс).

2. Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

зейнетақы жарналарын тарту бойынша қызметті жүзеге асыруға

және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға _____

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)
бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)
3. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және әр
қайсысы бойынша парақтар саны:

Қор және қордың құрылтайшылары (акционерлері) өтінішке қоса
берілген құжаттардың (ақпараттың) шынайылығына толық жауапты
болады _____

(өтініш беруге уәкілетті тұлғаның фамилиясы, аты, бар болса
- әкесінің аты, лауазымы)

(қолы)

_____ жылғы " _____ "

Мөр орны

Жинақтаушы зейнетақы қорларының
зейнетақы жарналарын тарту және
зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру
мен бағалы қағаздар нарығындағы
қызметті жүзеге асыру жөніндегі
қызметін лицензиялау қағидаларына
9-қосымша

**Ескерту. 9-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен**

Нысан

Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған
ақпараттық жүйесін құруға және оның қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық
жүйесі мынадай міндетті шағын жүйелерден:

- 1) жүйені басқару және ішкі аудит;
- 2) жинақталған зейнетақы қаражаты;
- 3) есептілік;

4) сыртқы жүйелері бар интерфейстен тұруы керек.

2. "Жүйені басқару және ішкі аудит" шағын жүйесі жүйені пайдаланушылардың қол жеткізуін басқаруды қамтамасыз ету үшін арналған. "Жүйені басқару" міндеті мынадай функциялардың орындалуын:

1) ақпараттық жүйенің пайдаланушылардың тобын анықтап, оларды орындайтын функциясы бойынша санатқа бөліп және олардың ақпаратқа

қол жеткізу деңгейін белгілеуді;

2) пайдаланушылардың аутентификациясы;

3) операциялық күннің ашылуы/жабылуын;

4) жұмыс күнін ауыстыруды;

5) жүйені оқшаулау/оқшауламауды;

6) деректерді мұрағаттық және резервтік көшірмесін жасауды қамтамасыз етіп отыруы тиіс.

"Жүйенің ішкі аудитінің" міндеті мынадай функциялардың орындалуын:

мынадай атрибуттардың сақталынуымен оқиғалар жүйесінде болған тіркеуді және бірегейлендіруді: оқиғаның басталу уақыты және күні, іс-әрекетті жүргізген пайдаланушы, жазбаның идентификаторы, бизнес-процестің орындалуының аяқталу уақыты және күні, бизнес процестің орындалу нәтижесі, қосымша атрибуттар;

шағын жүйенің бизнес процестерінің анықтамасын қарауды;

жүйелі оқиғалар анықтамасын қарауды;

аудиттің жағдайын басқаруды;

шағын жүйені пайдаланушыларға жүйелі оқиғаның және аудит жасалатын бизнес-процестерді тағайындауды;

бизнес процесс аудитінің электронды журналының файлын сақтау мен қарауды;

жүйелі оқиғалар аудиті журналын файлға сақтау мен қарауды;

бизнес - процесс аудитінің жазбасын мұрағатқа тасымалдауды;

жүйелі оқиғалар аудитінің жазбасын мұрағатқа тасымалдауды қамтамасыз етіп отыруы тиісті.

"Ішкі аудит" міндетін пайдаланушылар үшін аудиторлық белгіні жүргізуді басқару бойынша мүмкіндіктер болуы керек. Пайдаланушы администраторда "Ішкі аудит" міндетін толығымен өшіру немесе қосу мүмкіндігі немесе шағын жүйенің әрбір пайдаланушысы үшін жеке тек қана таңдаулы оқиғаларды бақылауды белгілеу мүмкіндігі болуы тиіс.

Аудиттің жағдайын басқару бойынша оқиғалар жүйелі оқиғалар аудитінің журналына жүйенің "Ішкі аудит" жүйесінің міндеті өшірілуіне немесе қосылуына қарамастан үнемі жазылуы тиіс.

"Жүйені басқару және ішкі аудит" шағын жүйесіндегі "Ішкі аудит" міндетінің функцияларына қол жеткізу үшін тиісті функцияларға қол жеткізуге қосымша кіру құқығы қосылу керек.

3. "Жинақталған зейнетақы қаражаты" шағын жүйесі салымшының (алушының) міндетті және ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіби жарналары бойынша қаражатының есебін дербес жүргізуге, салымшылар (алушылар) арасындағы инвестициялық кірісті бөлуге және зейнетақы төлемдерін есепке алуға келесі функцияларды орындалуын:

1) міндетті, ерікті зейнетақы жарналары бойынша және ерікті кәсіби жарналар бойынша зейнетақымен қамсыздандыру шарттарын дербес есепке алуды жүргізуді;
зейнетақымен қамсыздандыру шарты бойынша карточканы ашуды;
ашылған карточкаға өзгерістер енгізуді;

зейнетақымен қамсыздандыру шарттарын түрлі өлшемдер бойынша сұрыптауды;

2) салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарымен операцияларды аналитикалық және синтетикалық бухгалтерлік есеппен жүргізуді;

дербес зейнетақы шоттарын ашуды;

дербес зейнетақы шоттары бойынша операцияларды көрсетуді (зейнетақы жарналарының, айыппұлдың, өсімпұлдың, инвестициялық кірісті есептеу, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу, жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару);

салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына біріктіруді;

дербес зейнетақы шоттары бойынша берілген уақыт интервалына деректерді жасауды;

салымшының (алушының) дербес зейнетақы шоттарынан үзінді көшірме жасауды;

3) салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына шартты бірлік санын есептеу және шартты бірлікте зейнетақы активтерінің құнын күн сайынғы қайта бағалау жолымен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына есептелген инвестициялық кірісті бөлу, дербес зейнетақы шоттарына есептелген инвестициялық кірістің дұрыс бөлінуіне бақылау жасауды қамтамасыз етуі керек;

4) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырғанда келесі функциялардың орындалуын:

әрбір алушыға жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын есептеуді;

заңдарға сәйкес зейнетақы төлемдерінен тиісті сомасынан табыс салығын ұстап қалуды;
төлем құжаттарын жасауды;
берілген күнге зейнетақы төлемдеріне болжау жасауды;
әрбір салымшы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының сомасының дұрыс есептелуін тексеруді, зейнетақы төлемдерінің сомасынан табыс салығын ұстап қалуды, төлем құжаттарын жасауды қамтамасыз етуі керек;

5) жинақталған зейнетақы қаражатының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуды жүзеге асырғанда мынадай функциялардың орындалуын:

зейнетақы заңдарының талаптарын сақтай отырып, аударымдардың мерзімділігін тексеруді;

дербес зейнетақы шоттарын жабуды;

төлем құжаттарын жасауды;

төлем құжаттарының дұрыс жасалғандығын тексеруді, сақтандыру ұйымының жинақтаушы зейнетақы қорынан жинақталған зейнетақы қаражатының алғанын растауды;

дербес зейнетақы шоттарының тарихын өткізуді және сақтауды қамтамасыз етуі тиіс;

6) зейнетақы жарналары түскенде шағын жүйенің МТ-102

форматындағы салымшылардың (алушылардың) тізімін оқу кезінде жинақтаушы зейнетақы қорының деректер базасымен салыстыру керек және деректемелерде айырмашылық немесе дербес зейнетақы шоты жоқ болғанда, қате есептелген зейнетақы жарналарының сомасын қайтарудың МТ-102 форматында төлем тапсырмасын жасауды;

7) жинақталған зейнетақы қаражатының есебінен орналастырылған инвестициялық кірісті есепке алу, (инвестициялық портфель) қаржы инвестицияларын есепке алуды;

8) меншікті активтер есебінен қаржы инвестициялары есебінің орындалуын қамтамасыз етуі керек.

4. "Есептілік" шағын жүйесі есеп беруді электрондық нысандар, электрондық файлдар түрінде және қағаз тасымалдағыштарда жасауға арналған.

Шағын жүйе мынадай функциялардың:

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептің электрондық макетін қалыптастырудың;

есептіліктің бірдей көрсеткіштерін бақылаудың орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. "Сыртқы жүйелері бар интерфейс" шағын жүйесі электронды ақпаратты:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдарымен, өкілдіктерімен;

2) "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық"

Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен, оның бөлімшелерімен;

3) кастодион банкпен;

4) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен;

5) уәкілетті органмен;

6) басқа заңды және жеке тұлғалармен айырбас жасауды қамтамасыз ету үшін арналған.

6. Автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жүйенің тұтас алғанда қызметтік сипаттамасын жақсартатын қосымша шағын жүйелер мен міндеттерді іске асыруға болады.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының сатып алынатын бағдарламалық қамтамасыз етуі лицензияланған болуы керек.

8. Автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бағдарламалық-аппараттық тұғырнамасында тиісті платформасы, мыналарды:

1) ақпараттың үлкен көлемде сақталуын;

2) іздеудің тиімді алгоритмдері және соңғы ұрпақтың бағдарламалау тілі құралдарының деректерін өңдеуді;

3) деректер базасына қол жеткізу құқығын шектеуді;

4) деректердің қайшылықсыз және логикалық тұтастығын қамсыздандыруды қамтамасыз ететін деректер базасын басқару жүйесі болуы тиіс.

9. Ақпаратты қорғау.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі пайдаланылатын ақпаратты мынадай талаптарға сай қорғауды:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының локальды желісінің жұмысы кезінде пайдаланушылардың автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректеріне, функцияларына және ресурстарына кіру құқығын анықтап айыру қамтамасыз етілуі тиіс;

2) автоматтандырылған ақпарат жүйесінің әрбір пайдаланушысының әркімге қарауға мүмкіндік бермейтін сегізден кем емес символдан тұратын өз жеке паролі болуы тиіс және оны тек пайдаланушының өзі немесе басқарушы ғана өзгерте алатын болуы

мүмкін;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының және оның филиалдарының, өкілдіктерінің арасындағы ақпарат алмасуы криптографиялық қорғаныстың бағдарламалық құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Автоматтандырылған ақпарат жүйесі ақпараттық қауіпсіздіктің мынадай негізгі механизмдерімен қамтамасыз етілуі тиіс:

бірегейлендіру және аутентификациялау;

кіруді басқару;

хаттама жасау және аудит;

жинақтаушы зейнетақы қорының және оның филиалдарының, өкілдіктерінің арасындағы криптографиялық қорғаныс.

Вирус бағдарламалары іс-әрекетінен қорғауды қамтамасыз ету рәсімдерін орындау арнайы лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

10. Ақпараттың сақталуы.

Автоматтандырылған ақпарат жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсаты үшін жинақтаушы зейнетақы қоры мыналармен қамтамасыз етілуі тиіс:

1) резервтік көшірме жасауды жүргізу және бағдарламалық қамтамасыз етуді және апатты жағдай пайда болған кезде автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасын қалпына келтіру бойынша құжаттамалық рәсімделген рәсімдердің болуы;

2) резервтік көшірмелері бар магнитті тасымалдағыштарды жинақтаушы зейнетақы қоры тұрған жерден тыс жерде сақтау;

3) Автоматтандырылған ақпарат жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуіне кедергі жасайтын дүлей апатты және басқа да жағдайлар пайда болған кезде қамтамасыз ететін жинақтаушы зейнетақы қорының тұрған жерінен тыс резерв орталығының болуы.

Автоматтандырылған ақпарат жүйесі ақпараттың толық сақталуын мынадай кездерде электронды архивтерде және деректер базасында қамтамасыз етуі тиіс:

автоматтандырылған ақпарат жүйесінің кез-келген учаскесінде электр энергиясы толық немесе ішінара ажыратылған кезде;

жұмыс станциялары, шет жақтардағы және телекоммуникациялық жабдықтар бұзылып қалған кезде.

Сервер бұзылған кезде ақпаратты жоғалтуға жол беріледі, егер соңғы резервтік көшірме жасалған сәтте ақпаратты автоматтандырылған

ақпарат жүйесінің технологияларын және деректер тұтастығын бұзбай қалпына келтіру мүмкіндігі бар болса.

Сервердің үзіліссіз қорек беру көзі сервердің техникалық сипаттамаларына сәйкес келуі және оның жұмыс қабілетін қорек ажыратылған сәттен бастап пайдаланушылардың операцияларын дұрыс аяқтауы үшін қажетті уақыт аралығында оның жұмыс қабілеттілігіне қолдау көрсете алатын болуы тиіс. Мұндайда үзіліссіз қорек беру көзіндегі батареяларының заряд беру деңгейінің төмендеуі сервердің ажыратылу процесін автоматты түрде күшейтуі тиіс.

11. Ақпараттың шынайылығы.

Ақпаратқа кіру және оны түзету екі рет кіру әдісімен орындалуы тиіс, не орындалған іс-қимылдар туралы фискальды

ақпаратты енгізу міндетті болатын бұрыштама алу әдісімен орындалуы тиіс. Ақпаратқа кіру және оны түзету ақпараттың хронологиялық үзіліссіздігін және тұтастығын қандай жағдайда да бұзбауы тиіс. Қаржы операцияларының есебі екі рет жазу әдісімен орындалуы тиіс. Енгізілген операциялардың қайсысы болмасын жоғалтылуы мүмкін емес. Қате енгізілген қаржылық құжаттар жойылмауы, тек сортталуы тиіс.

12. Ақпаратты және бағдарламалық қамтамасыз етуді көшірме жасау және қалпына келтіру. Резервтік көшірмелерді сақтау. Ақпаратты және бағдарламалық қамтамасыз етуді көшірме жасау тәртібі бойынша көшірме жасау сәтінде жүйені толық қалпына келтіру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі, сонымен қатар қалпына келтіру деректердің жалпы тұтастығы бұзылмауы тиіс.

Деректер базасын және бағдарламалық қамтамасыз етуді резервтік көшірме жасау күнделікті жүзеге асырылады, ал мұрағаттық көшірме жасау - айына бір реттен кем емес.

13. Жүйенің ақпараттық және коммуникациялық құралдарына қойылатын талаптар автоматтандырылған ақпарат жүйесінің техникалық тапсырма сатысында жасалады.

14. Жинақтаушы зейнетақы қоры құрылымында автоматтандырылған ақпарат жүйесінің құрылуына, кіруіне және қызметіне жауапты болатын тиісті бөлімше қарастырылуы тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларына

Нысан

Ескерту. 10-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

(уәкілетті органның толық атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)

Өтініш

(бағалы қағаздар рыногындағы қызмет түрін көрсету қажет)

_____ жүзеге асыру құқығына лицензия беруіңізді сұраймын

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйінің нөмірі)

(телефон, факс)

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нөмірі және күні _____

3. Бизнес – сәйкестендіру нөмірі

4. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәліктің нөмірі мен күні (акционерлік қоғам ұйымдастыру құқықтық нысанындағы заңды тұлғалар үшін) _____

5. Өтініш берушінің шоты ашылған банктің атауы және орналасқан жері, банктік бірегейлендіру коды

6. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және әр қайсысы бойынша парақтар саны:

Өтініш беруші және олардың құрылтайшылары (акционерлері) өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) шынайылығына толық жауап береді.

(өтініш беруге уәкілетті тұлғаның фамилиясы, аты,

(бар болса) әкесінің аты)

(күні және қолы)

Мөр орны

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2007 жылғы
30 сәуірдегі N 123
қаулысына 2-қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесін бекіту жөнінде" 2003 жылғы 29 мамырдағы N 176 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2386 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын, сондай-ақ олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 мамырдағы N 176 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3132 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау Ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 410 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4005 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына, жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беруге өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесін бекіту жөнінде" 2003 жылғы 29 мамырдағы N 176 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4072 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау Ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 410 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 305 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4531 тіркелген).